

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 23 қыркүйек N 1157

Жылу энергетикалық кешенінің жұмысын тұрақтандыру және тұтынылған электр және жылу энергиясы үшін бюджеттік ұйымдардың пайда болған борыштарын қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Семей көмірлері" акционерлік қоғамының республикалық бюджеттің алдындағы 50 (елу) миллион теңге сомадағы берешегіне заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы бойынша есептеу жүргізісін.

Аталған соманы "Алтайэнерго" акционерлік қоғамынан алынған электр энергиясы үшін берешегін өтеуге Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерін қаржыландыру есебіне арнап есептесін.

2. "Алтайэнерго" акционерлік қоғамының, оның электр станцияларына "Семей көмірлері" акционерлік қоғамы келісілген кестелер мен бағалар бойынша, республикалық бюджетке есептелген төлемдердің есебіне көмір беруі туралы ұсынысына келісім берілсін.

3. Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі аталған

есепті жүргізу есебіне Ішкі әскерлер әскери бөлімшелерінің, оларға қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері 50 (елу) миллион теңге сомасында ұсынған коммуналдық қызметтер мен тамақ өнімдері үшін кредиттік берешектеріне өтем жүргізісін.

4. Берешектерді есептеу аталған сомалардың 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсетілуі арқылы жүргізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК